

Банкроттық ресімдерін ауыл шаруашылығы үйымдары үшін қолданудың ерекшеліктері туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 желтоқсандағы N 1816 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі N 840 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.09.11 N 840 (қолданысқа енгізілу тәртібін З-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Банкроттық ресімдерін ауыл шаруашылығы үйымдары үшін қолданудың ерекшеліктері туралы қоса берілпі отырған Ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1997 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1816 қаулысымен
бекітілген

***Банкроттық ресімдерін ауыл шаруашылығы үйымдары үшін қолданудың
ерекшеліктері*** ***туралы***

ЕРЕЖЕ

***Ескерту. Мәтін бойынша "Әкімгер", "әкімгер" деген сөздер алынып тасталды
- ҚР Үкіметінің 2003.10.02. N 1016 қаулысымен .***

Осы Ереже "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген банкроттық ресімдерін ауыл шаруашылығы үйимдарына қатысты қолданудың ерекшеліктерін реттейді.

I. Жалпы ережелер

1. Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес әзірленді.

2. Ауыл шаруашылығы үйимдарының банкроттығы ресімдері осы Ережеде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

3. Осы Ереженің күші үйимдастырушылық-құқықтық нысандарына қарамастан ауыл шаруашылығы үйимдарына қолданылады.

4. Шаруа (фермер) қожалықтарының банкроттығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 21-бабына "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Жеке кәсіпкерлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының VII тарауына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

ауыл шаруашылығы үйымы - жерді пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы өнімін өндіретін; егер бұл өнімді, оның ішінде қайта өнделген өнімді сатудан алынатын кіріс жылдық кірістің жалпы сомасының елу пайызынан астамын құрайтын болса, мал шаруашылығы, құс шаруашылығы (оның ішінде төл өсіруден бастап толық циклы бар асыл тұқымды), ара шаруашылығы өнімін өндіретін үйым ; < * >

ауыл шаруашылығы өндірісінің маусымдылық циклы - ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру үшін қажетті көктемгі егіс және жиын-терін жұмыстарын қамтитын технологиялық шаралар кешенін орындау кезеңі;

Ескерту. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.02. N 1016 қаулысымен .

6. Басқа ұғымдар Ережеде "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында қолданылып жүрген айқындаштарға сәйкес пайдаланылады.

II. Борышкер ауыл шаруашылығы үйымын банкрот деп тану үшін негіздер

7. Ауыл шаруашылығы үйымын банкрот деп тану туралы іс қозғаған кезде сотқа "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген құжаттарға қоса жерлердің кадастрық сипаттамасы мен ауыл шаруашылығы өндірісі маусымдылығының соңғы циклындағы ауа райы-климаттық жағдайының деректері ұсынылады.

8. Борышкер ауыл шаруашылығы үйымын сот тәртібімен немесе соттан тыс банкрот деп тану үшін оның дәрменсіздігі негіз болып табылады.

9. Борышкер ауыл шаруашылығы үйымының ауыл шаруашылығы өндірісі маусымдылығының кезекті циклының ішінде жалақы төлеу жөніндегі талаптарды қоса алғанда, кредиторлардың ақшалай міндеттемелер бойынша талаптарын қанағаттандыруға, сондай-ақ өзіне тиесілі мүліктің есебінен бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді төлеуді қамтамасыз етуге қабілетсіздігі оны дәрменсіз деп тану үшін негіз болып табылады. Борышкер ауыл шаруашылығы үйымының активтерінің оның пассивтерінен шартты түрде асып кетуі борышкерді дәрменсіз деп танудан бас тарту үшін негіз болмайды.

III. Жерді пайдалану құқығының құны

10. Қазақстан Республикасының Жер кодексі 63-бабының 1-тармағына сәйкес жерді тұрақты және ұзақ мерзімді уақытша пайдалану құқығы олар банкроттық жағдайды қоса алғанда, өз міндеттемелері бойынша жауап беретін

занды тұлғалардың мүлкінің құрамына кіреді.

Ескерту. 10-тармак өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.10.02. N 1016 қаулысымен .

11. Оңалтушы және конкурстық басқарушылар ауыл шаруашылығы үйымының жерді пайдалану құқығы заңдарға сәйкес ресімделгеніне, оның құны активтерге кіргізілгеніне және ауыл шаруашылығы үйымының балансында көрсетілгеніне көз жеткізуге міндетті. Жерді пайдалану құқығын ресімдеу және оның құнын баланста көрсету жөніндегі заңдардың талаптарына сәйкес келмеушілік фактілері анықталған кезде әкімгер, конкурстық басқарушы тиісті тіркелуді, жерді пайдалану құқығын бағалауды және ауыл шаруашылығы үйымының активіне кіргізуі қамтамасыз етуге міндетті.

12. Жерді пайдалану құқығын тіркеуге және оның құнын айқындауға байланысты шығыстар әкімшілік шығыстарға жатады.

13. Банкрот үйымының жерді пайдалану құқығы конкурстық массаның құрамына кіреді.

IV. Дәрменсіз ауыл шаруашылығы үйымын сауықтыру жөніндегі шаралар

14. Сот дәрменсіз ауыл шаруашылығы үйымына қатысты оңалту рәсімдерін жүргізу мақсатқа сай болады деп үйғарым шығарған жағдайда оңалтушы басқарушы борышкер ауыл шаруашылығы үйымын оңалту жоспарында көзделген шараларды жүзеге асыруға кіріседі.

15. Дәрменсіз ауыл шаруашылығы үйымын санациялау бағдарламасы ауыл шаруашылығы үйымының төлем қабілетін қалпына келтіру жөніндегі нақты шараларды (оңалту шараларын) қамтуға тиіс.

16. Оңалту шаралары дәрменсіз ауыл шаруашылығы үйымын таратуды болдырмауға бағытталған кез келген үйымдастыру-шаруашылық, техникалық, қаржы-экономикалық шараларды қамти алады.

17. Оңалту рәсімдерінің ұзактығы 2 жылдан аспауы тиіс. Сот оңалтушы басқарушының өтінімі бойынша оңалту шараларын жүзеге асырудың мерзімін ұзартуға, бірақ ауыл шаруашылығы өндірісі маусымдылығының бір циклынан аспайтын уақытқа ұзартуға құқылы.

V. Конкурстық массаның құнын ұстап тұру жөніндегі шаралар

18. Конкурстық басқарушы "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 13, 14-баптарына сәйкес өткізілген дауыс берудің нәтижесінде алынған кредиторлар комитетінің (жиналысының) келісімімен конкурстық массасының құнын ұстап тұру үшін қажетті шараларды жүргізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

19. Конкурстық массаның құнын ұстап тұру жөніндегі шараларға:

- 1) жерлерді қорғау жөніндегі шаралар;

- 2) егін егу және жиын-терін жұмыстары;
- 3) материалдық-техникалық базаны дайындау және пайдалану;
- 4) өзге де шаралар жатады.

20. Конкурстық массаның құнын ұстап тұру жөніндегі шараларды жүргізуге арналған қараждат:

- 1) банкрот ұйымның активтерін мақсатты арналуы бойынша пайдаланудың;
 - 2) өндірістік алаңдарды жалға берудің;
 - 3) жаңа борыштық міндеттемелер қабылдаудың;
 - 4) мұліктің бір бөлігін сатудың;
- 5) өзге де іс-әрекеттің есебінен алынуы мүмкін.

21. Конкурстық басқарушы конкурстық массаның құнын ұстап тұру жөніндегі шараларды жүзеге асыру мақсатында кредиторлар комитетінің (жиналысының) келісімімен банкрот ауыл шаруашылығы ұйымының атынан шарттар жасасуға құқылы. Жаңадан қабылданған міндеттемелер жөніндегі шарттардың қолданылу мерзімі конкурстық іс жүргізу мерзімінен аспауы тиіс.

22. Конкурстық массаның құнын ұстап тұру жөніндегі шығыстар, сондай-ақ жаңадан қабылданған борыштық міндеттемелер әкімшілік шығыстарына жатады. Конкурстық массаның құнын ұстап тұру жөніндегі шараларды жүргізуден қалған қаражат конкурстық іс жүргізу процесінде өндіріп алуға жататын мұліктің құрамына кіреді.

VI. Банкрот ауыл шаруашылығы ұйымының конкурстық массасын бірынғай лотпен сату

23.-
3 0 . < * >

Ескерту. 23-30-тармақтар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2003.10.02. N 1016 қаулысымен .